



Ақмешіт

29 наурыз
сейсенбі
№25 (1830)
2022 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ ӘН-ДУМАНМЕН ШЕКТЕЛЕ МЕ?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барыс жылын «Балалар жылы» деп жариялады. – Балаларға ерекше назар аудару керек. Себебі олардың амандығы – мемлекетіміздің жарқын болашағының сенімді кепілі. Өскеден ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық – бұл біздің жалпұлттық міндетіміз, – деді Қазақстан Президенті.



Иә, балалар үшін биыл бастамаларға толы жыл болғалы тұр. Қаламызда «Балалар жылына» арналған іс-шаралар жоспары жасалды. Жаңа жобалар бастау алды. «Шахматтан ақыл-ой» спорттық жарысы, облыстық «Бозторғай» балалар шығармашылығы байқауы және қалалық бұлдіршін қыздар арасындағы «Ең сүйкімді бұлдіршін – 2022» атты жобалар жас өрендердің білімін шыңдап, талантын танытуына берілген таптырмас мүмкіндік.

4 БЕТТЕ

СУЫҚ ТА БОЛСА «ЖЫЛЫ» СОЛТҮСТІК

Расында, бұл – «Ұлы көш». «Жау жар астында...» деген көнеден қалған сөз бар. Кімнің не ойы бары бір Аллаға аян. Сондықтан ұшқан құстың қанаты талатын қазақтың ұлан ғайыр атырабын қорғау үшін солтүстікті қазақыландыру маңызды рөл атқарады. Оның үстіне соңғы жылдары еліміздің солтүстігіндегі тұрғындардың саны азайып барады. Бүгінгі біздің айтамыз оңтүстіктен, оның ішінде Қызылордадан адамдардың солтүстікке көшу қарқыны, ондағы халықтың хал-ахуалы жайында. Социолог мамандардың айтуынша, көрші Ресейге қоныс аударғандардың басым бөлігі солтүстік өңірлердің азаматтары. Сөзімізге тұздық болсын, осы тұста сандарды сөйлете кетейік. Мысалы, 2018 жылы елімізден 40 мыңға жуық адам көшсе, соның 90 проценті Ресейді таңдаған. Алдын ала жасалған болжам бойынша 2050 жылдарға қарай аталған аймақта халық саны 1 миллионға дейін азаюы мүмкін. Бұған тиісінше, оңтүстік тұрғындарының саны күрт өсу үстінде.



Өзімізді алсақ, бүгінде Қызылорда облысының халқы 1 миллионға жуықтап қалды. Сырттан келіп халық санын арттырып жатқандар да бар мұның ішінде.

Соңғы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан халқының 49 проценті оңтүстік облыстарда тұрады. Кейбір мамандар алдағы 20 жылда оңтүстік халқының саны тағы да 6-7 миллионға дейін артады деп болжауда.

2 БЕТТЕ

Баға күн сайын қымбаттап жатыр. Сатушыға да сылтау көп. «Доллар қымбаттады» деген желеумен бағаны қолдан қымбаттатуға ықпалы екені сөзсіз. Үкімет бағаны негізсіз өсірмейміз дегенмен, базардағы баға бағынар емес.

БАҒАНЫ ҰСТАП ТҰРУ МҮМКІН БЕ?



Жуырда Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте елде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы бір апта ішінде 1,7 процентке өскені айтылды. Бір апта ішінде қырыққабат – 11%, піяз – 9,3%, қант – 6,3%, картоп – 4,7%, сәбіз – 3,3%, тауық жұмыртқасы – 1,7%-ке қымбаттаған.

Бұған дейін Үкімет басшысы әлеуметтік азық-түлік бағаларының үстемесін 15 проценттен 10 процентке түсіруге тапсырма берген еді. Алайда, базардағы нарық бағынбай тұр. Мониторингтік топтың тексеру нәтижесінде бүгінде үстеме баға қантқа 40%, құнбағыс майына 35%, көкөніс 25%-ке дейін қосылғаны анықталған.

Биылғы жылдың 24 наурызындағы мәлімет бойынша елде 1,1 млн тоннаны құрайтын азық-түлік қоры қалыптасқан.

Апта айтқанда, картоп қоры 380 мың тоннаны құрайды, ерте егін болжамы 170 мың тоннадан асады, 32 мың тонна қырыққабат сақталуда. Бүгінгі таңда қант қоры 34,5 мың тоннаны құрайды (елдің орташа жылдық қажеттілігі – шамамен 44 мың тонна), оған қоса кейін өңделетін 30 мың тонна қант шикізаты бар.

Ал аймақтың тұрақтандыру қорында 1441,2 тонна өнім қоры бар. Биыл облыстық бюджеттен 800 млн теңгеге жуық қаржы бөлініп, әлеуметтік маңызы бар тауарлар сатып алынды. Тұрақтандыру қоры басқармасы төрағасы Талғат Бекішовтің брифингте берген ақпаратына сүйенсек, қазіргі таңда тұрақтандыру қорында барлық азық-түлік тауарлары жеткілікті. Бүгінде 85 тонна сәбіз және 50 тонна қырыққабат, 220 тонна өсімдік майы, 204 тонна қарақұмық жармасы, 204 тонна

бірінші сортты ұн сатып алынды. Ұн бағасын тұрақтандыру үшін «Азық-түлік келісімшарт корпорациясы» ҰҚ» АҚ мекемесімен арзандатылған бидай алуға меморандум жасалып, бірінші сортты бидай ұнын 125 теңгеден сатып алуға келісім шарт жасалған.

Баға жайы жоғарыдан бастап талай жиналыстар мен басқосуларға арқау болып, талқыланғанмен, базар нарық әзірге ешкімге бағынар емес.

Г.МАҒЛҰМҚЫЗЫ

САНКЦИЯ САЛҚЫНЫ АЙНАЛЫП ӨТПЕЙДІ

Бүгінгі күн тақырыбы – базардағы баға. Үкімет әлеуметтік маңызы бар тауар бағасын ұстап тұруға барынша жанталасып, қолдан келер шараны жасағанмен, баға ешкімнің де ырқына көнбейтінін күн сайын байқатып келеді. Күн сайын доллар бағамының құбылуы, тынышы кеткен әлем ел экономикасына әсерін тигізбей қоймады. Нәтижесінде базардағы бағадан бастап, банктің несие процентіне дейін өзгеріп шыға келді. Мәселенің мәнісіне келейік.

Елге келетін азық-түлік, төсек-жабдық, тұрмыстық-гигиеналық заттардың бірден-бір импорттаушысы Ресей. Ресейге салынған санкциядан кейін Қазақстан бүгінде тасымалдаудың жаңа жолдарын қарастыруда. Олардың ішінде Каспий тасымалы, Қара теңіз және Қытай арқылы тасымалдау жолы бар.

Сарапшылардың пікірінше, әлемдік әуе, жол және су тасымалы компаниялары Ресей аумағына кіру қызметін қысқартуда. Осының әсерінен тасымалдаушылар жаңа тасымал жолдарын қарастыруда. Бұл қиындық ел экономикасына да үлкен әсерін тигізетіні анық. Себебі Қазақстан автокөлік секілді ірі заттарды айтпағанда, азық-түлік, косметика, тұрмыстық заттардың барлығын Ресейден сатып алады.

Ресми дерек көзіне жүгінсек, 2021 жылы Қазақстан үшін есептеуіш техникаларды импорттаушы елдердің ішінде Қытай көш басында. Смартфондарды негізінен (63 процент) Қытай импорттайды. Дәрі-дәрмекті 65 ел жеткізсе, Ресейдің үлесі 8 процент. Төсек жабдықтарын импорттау үлесі бойынша Қытай, Түркия, Ресейдің үлесі басым. Ал гигиеналық, косметикалық заттарды негізінен импорттаушы ел – Ресей. Сонымен қатар азық-түлік жеткізуші үштіктің ішінде де Ресей бар. Ресей елге ет өнімдерінің төрттен бір бөлігінен көбін, сүт өнімдерінің үштен бір бөлігін, шай өнімдерінің бестен бір бөлігін, қант пен кондитерлік өнімнің 61-62 процентін, өсімдік майы мен шоколадтың төрттен үш бөлігін импорттайды екен. Енді қалай болмақ. Тығырықтан шығар жол керек. Ресейдің қант пен астық өнімдерін экспортқа шығару шектелгеннен кейін Қазақстан жаңа тасымал жолы мен басқа сауда серіктестер іздеуде.

Алайда бұл бағаның өсуіне әсер етпей қоймайды. Доллар бағамының өсуі, тасымалдың өзгеруі бағаны қымбаттатады. Болжам бойынша, импорттық тауар бағасы 20-25 процентке өседі деп болжануда. Мәселен, смартфондар бағасына да айтарлықтай айырмашылық болуы мүмкін. Доллар бағасының қымбаттауына орай «Apple» компаниясы өнімдерін 10 процентке қымбаттатса, «Samsung» компаниясы әзірге жаңа бағаны жарияламаған.

Жаңандық бағдар мен жаңа мүмкіндік жайын ескерсек, ритейлердің пікірінше, Каспий және Қара теңіз арқылы тасымалданатын басқа Қытай бар. Көптеген әлемдік брендтер Қытайда өндіріледі. Еуропадан Қазақстанға Әзірбайжан, Грузия арқылы тауар тасымалдау Ресеймен салыстырғанда ұзақ әрі қымбатқа түседі. Сарапшылардың пікірінше, ең тиімдісі де, арзаны да Қытай арқылы тасымалдау. Оның үстіне әлемдік брендтер Қытай өндірісін пайдаланады. Қазақстан үшін Еуропадан тауар тасымалдау арзанға түспейтіні белгілі. Әлемдік қақтығыстарға қарамастан, сауда жүре беретіні заңдылық. Қазақстан Ресей-Украина қақтығысының себебімен логистика, тауар тасымалы инфрақұрылымын қайта қарау мәселесіне тап болды. Сарапшылар пікірінше, қазақстандық сауда-көлік-логистикалық қызметтерге сұраныс сезілуде. Қақтығыстың алғашқы күндері Ақтау, Атырау, Ақтөбе және Орал көп рейс қабылдағаны, Қазақстан аспаны арқылы жоспарланбаған жүздеген рейс ұшқаны белгілі. Қазақстан үшін туристер мен транзиттік жолаушылар ғана емес, жүк тасымалдары да пайдалана алатын авиациялық хабтар салуға мүмкіндігін пайдалануға болады. Сарапшылар әлемдік ахуал өз өндірісімізді дамыту қажет екенін еске салады.

Г.ДІЛДӘБЕКОВА

КІТАПҚА ҚЫЗЫҚҚАН БАЛА КӨП...

Кітапханаға қанша барғаныммен мұндағы балалар әдебиеті бөліміне алғаш кірітім. Құдды ертегі әлеміне енгендей күй кешесім. Бұл бөлімдегі әрбір зал кішкентай оқырманға лайық, әсем безендірілген. Сондай-ақ балаларға қолжетімді кітап қорымен жабдықталған. Мұнда кітапханашылар баланың жас ерекшелігіне қарай 2-14 жас аралығындағы бұлдіршіндерге қызмет көрсетеді. Ендеше, балалар әлеміне бірге саяхаттап қайтайық.

Мемлекет басшысы бекіткен «Балалар жылы» аясында елімізде түрлі деңгейде шаралар басталып кетті. Оның ішінде Сыр өңірінің бұлдіршіндері үшін Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасынан «Еркетай» балалар алаңы ашылды. Бала – барлық ұлттың жарқын болашағы. Сондықтан да бар жақсылық балаларға жасалуы тиіс. Ондағы басты мақсат – кітап оқуға келген әрбір бұлдіршінді бір мезгіл сергітіп, ойнауына жағдай жасау.

4 БЕТТЕ



АЛҒАШҚЫ ОБСЕРВАТОРИЯ

немесе аспан әлеміне құштарлық

2021 жылы Қызылорда облысында «Үздік орта білім беру ұйымы» атағын жеңіп алған Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі жаңалық жаршысы болудан кенде емес. Сапалы білім беруді мақсат еткен бұл білім ордасының оқушылары да, ұстаздары мен мектеп ұжымы үздіксіз дамуды қолдайды. Бүгінде мектеп қабырғасында оқушылардың білімін жан-жақты жетілдіру мақсатында арнайы кабинеттер ашылды. Оның ішінде республикада алғашқылардың бірі болып мектепте ашылған обсерватория мен киностудия бар.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова ашылу салтанатына арнайы қатысқан бұл жаңалық Сыр жұртының назарын аударды. Оқушыларға аспан денелерін зерттеу мен актерлік шеберлігін дамытуға мүмкіндік беретін бұл кабинеттерді оқырманға кеңінен таныстыру мақсатында біз де арнайы көріп қайттық.

Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі 2021-2022 оқу жылынан бастап «физика-астрономия бағытындағы мектеп» статусын алған. Осыған байланысты мектеп оқушыларын аспан әлемін зерттеуге байланысты ғылыми жобаларға қатыстыру жоспарланып отыр. Сол мақсатта білім ордасында биыл арнайы зерттеу құралдарымен жабдықталған обсерватория ашылды. Мұнда білім алушылар телескоп, процессор, спектроскоп, арнайы призма мен «Vive pro 2» виртуалды шлемі секілді құрал-жабдықтармен жұмыс істей алады. Қазіргі кезде оқушылар ғылыми жобаларға дайындықтарын бастап, бірнеше зерттеу жұмысын атқарып та үлгерген.

Бұл кабинеттегі жұмыстар арнайы пәндерден бөлек қосымша курс ретінде өтеді. Мұның жұмысын оқушыларға мектептің физика пәні мұғалімдері жүргізуде. Жалпы аспан денелерін зерттеу орталығы облыс бойынша Байқоңырда және бізде бар. Ендігі кезекте мамандарымызды қосымша республика көлемінде арнайы оқыту курстарына жіберіп, білімдерін жетілдіру жоспарда бар. Аспан әлеміне деген оқушылардың қызығушылығы ерекше, жоғары деңгейде. Қазіргі таңда біздің мектептің 5 оқушысы мен 1 жетекші Алматыдағы «Бөбек» орталығында обсерватория мен робототехникаға байланысты оқу курсына білім алуға, – деп мектеп директоры Бек Сұлтанбекұлы қуанышты жаңалығымен бөлісті.

№264 мектеп-лицейдің басты мақсаты – дарынды да білімді шәкірт тәрбиелеу. Бұл мақсатта мектепте «киностудия» кабинеті жұмыс істейді. Мұнда оқушылар арнайы сұхбаттар, мектеп жаңалықтарын және кино түсіре алады. Бұл өз кезегінде журналистика, актерлік саланы таңдауды мақсат еткен жоғары сынып оқушыларына зор септігін тигізбек. Сондай-ақ мектеп ішінде түрлі рөлге байланысты кастингтер де ұйымдастырылып тұрады. Алдағы уақытта, 9 мамыр – Жеңіс күніне орай алғашқы жобаларын, «Анаға апарар жол» фильмі көпшілік назарына ұсынуды көздеп отыр. Мектеп киностудиясы камера, жарық беру құрылғылары, монтаждау компьютері мен хромакей секілді арнайы құрылғылармен жабдықталған.

Одан бөлек, үздік мектеп биология бағытындағы жұмыстарды да жандандырған. Мәселен, емдік шөптерді, көкөніс пен дәнді-дақыл, бөлме өсімдіктерін өсіруге арналған «Bio Flowers» кабинетінде жетекші Айгүл Исасаваның көмегімен оқушылар зертханалық жұмыстар жасай алады.

«Bio Flowers» үйірмесінде біз оқушылармен тұқым мен өсімдіктерді егеміз. Оқушылар сабақтан тыс уақытта өздерінің екен өсімдіктерін келіп суарады, зертханалық жұмыстар барысына қолданады. Бұл жерде біз Қызылордада өсетін өсімдіктердің барлығын егіп, өсіруді жоспарлап отырмыз. Одан бөлек бұл кабинеттен оқушылардың пайдалы, емдік мақсатта қолданылатын өсімдіктердің түр-түсін көріп, кенірек біле алады. Алдағы уақытта жас флористердің білімін жетілдіріп, байқауларға қатыстыруды да көздеп отырмыз, – дейді үйірме жетекшісі Айгүл Сейданқызы.

Бұл кабинеттің бір ұтымды тұсы – ерекше білім беруді қажет ететін балаларға мол көмегін тигізе алады. Осы жерде зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы олар әр өсімдікке қандай күтім керектігін, оларды күтім-баптау ережесін меңгере алады. Ал бұл өз кезегінде бөлашақта арнайы бөлме гүлдерін өсіріп, білімін табыс көзіне айналдыруға мүмкіндік сыйлайды.

Сонымен қатар Гүлзат Шалдыбаева оқушыларға «Bio Master» үйірмесінде өңірде мекендейтін жануарларды қатырып, өсетін өсімдіктерден гербарий жасай алады. Алғашқы кезеңде оқушылар жетекшімен бірге балықтарды, көгершін, дала үйректері мен қояндарды қатырған. Сондай-ақ өңір өсімдіктерін кептіріп, гербарий жасаған. Алдағы уақытта Жаңақорған ауданындағы арнайы мекемемен келісім-шарт жасасып, мұндай бағыттағы жұмыстарды жандандыру жоспарда бар. Бүгінгі күннің өзінде ол мекеме мектеп мамандары мен оқушыларға қабан мен қырғауылды қатыру арқылы шеберлік сағаттарын өткізген.

Ал балықтар, бақа-шаян, құрт-құмырсқаларды оқушылар жетекшілермен бірге ұстап, сатып алып қатырған. Қазіргі кезде оқушылардың қатырған жануар-жәндіктерінің, өсімдіктердің гербарийінен мектептің зертханасы жасақталған.

№264 мектеп-лицейі шаһардағы инклюзивті білім беруде алдыңғы шепте тұрған білім ордасының қатарында. Мұнда ерекше білім беруді қажет ететін 92 оқушы білім алады. Олардың ішінде аудандардан арнайы келіп оқитын оқушылар да бар. Ерекше балаларға білім беруден бөлек емдік шараларын жүргізу мақсатында қантарда емдік дене тәрбиесі кабинеті ашылды. Арнайы құрал-жабдықтары бар кабинетте балалар түс танып, танымдық әрекеттерді жүзеге асырады. Бір ерекшелігі, бұл кабинеттердегі жиназдар мектептегі еңбек пәнінің мұғалімдерінің қолынан шыққан. Яғни өз өнімін қолданады.

Негізінен Тәкей Есетов атындағы мектеп шәкірттеріне дарынды әрі білімді ұстаздар сабақ береді. Мәселен, тарих пәнінің мұғалімі Қанат Ақпанов оқушыларды өткенмен таныстырып қана қоймай, ұлттық колонерге де баулып келеді. Алдағы уақытта мектептің бір бұрышынан көрме ашу жоспарда бар, дайындық жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. Оқушыларды рухани байыту және еңбекке баулу мақсатында мектеп ішінде колонер бұйымдарын жасау бойынша байқау ұйымдастырылады. Ал оған қатысқан оқушылардың колонер бұйымдары мектеп көрмесіне қойылып, көпшілік назарына ұсынылады. Қазіргі өзінде көрмеде әшекей бұйымдар, тоқыма және ағаштан жасалған мүсіндер орналастырылған. Көздің жауын алатын ұлттық бұйымдар, сан түрлі макет пен ұлы тұлғалардың бейнелерін күйдіріп салған портреттері де осы жерден орын тапқан. Көрмені көруге келген адам ерекше өнерге тәнті болғанымен қатар рухани демалып, өнерге деген қызығушылығы еріксіз артады.

Одан бөлек мектепте көркем сурет пәнінен сабақ беретін Нұрлан Мәжіхановтың көркемсурет галереясы ұйымдастырылған. Қылақалмады серік еткен ұстаздың қолынан шыққан суреттер және шәкірттерінің еңбектері ілінген.

Өңірдегі ең үздік білім ордасы атанған №264 мектеп-лицейде оқығысы келетін шәкірт көп. Биылғы оқу жылының өзінде 3600 баламен бастаған мектепте оқу жылының жартысында қосымша 230-дан астам жана оқушы келген. Олардың ішінде қаланың шет аймағынан қатынайтын оқушылар бар. Бұл оқушыларға тасымал ұйымдастыру маңызды. Бұған дейін мектеп алыстан қатынайтын оқушыларды тасымалдау үшін автобус пен газель пайдаланып келді. Дегенмен бұл да оқушыларды тасымалдауға азық ететін.


Бүгінгі күннің өзінде №264 мектеп-лицейге Сабалақ пен Эдельвейстен 600-ден астам оқушы қатынап оқиды және оқушылар саны жыл сайын артады. Олардың қауіпсіздігі үшін тасымал ұйымдастыру аса қажетті. Алайда мектеп балансындағы көліктер азық ететіндіктен өткен жылы мектеп Жапон елшілігі арқылы ұйымдастырылатын «Шөп тамыры» жобасына қатысты.

Шетелден келген арнайы комиссия оқушылардың келіп-кету аймағын, мектептегі оқушылар санын бақылаған. Алғашында мектеп ұжымы 1 автобуска өтінім тастағанымен, жоба жетекшілері мектепке автобус пен шағын автобуска қаражат бөлу туралы шешім қабылдаған. Осылайша №264 мектеп 21 ақпанда «ПАЗ» автобусы мен «Газель» көлігін алуға грант ұтып алған. Қазіргі таңда автобус мектеп игілігіне қызмет етуді бастады. Алдағы күндері «Газель» де оқушылар тасымалын ұйымдастырушылар қатарын толықтырмақ. Бұл көліктер оқушыларды күнделікті үш мезгіл тегін тасымалдайды.

Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейдің басты мақсаты – сапалы әрі қолжетімді білім беру. Оқушылар білім алып қана қоймай, білімдерін жан-жақты жетілдіру үшін жағдай жасау аса маңызды. Мұндай жағдай №264 мектеп-лицейде жасалғанына ешкімнің таласы болмасы анық. Бұған өткен жылы оқушылардың ғылыми-жоба бойынша республика деңгейінде 6 рет жеңімпаз атанғаны дәлел. Сонымен қатар бұл көрсеткіш деңгейі биыл артып, 3 оқушы республикада жеңімпаз атанса, мектептің бір оқушысы халықаралық жарыста жүлделі II орынды қанжығаға байлап қайтты.

Біздің мектепте қаланың шет аймағынан, басқа шағын аудандан келіп оқитын оқушылар көп. Олардың ата-аналары да балаларының осы мектепте білім алғанын қалайды. Себебі соңғы уақытта оқушылардың білім деңгейі, жетістіктері жыл сайын артып келеді. Бұл әрине, ұстаздар қауымының еселі еңбегі. Сонымен қатар оларға бар мүмкіндікті жасау маңызды. Ұстаз бен оқушыға жағдай жасаса, білімге құштарлық артады. Мектепте жабдықталған кабинеттерден бөлек қабырғаларда арнайы стенддер, танымдық ақпараттар, дәлізде орналасқан орындықтар бар. Мұның барлығы оқушыларға оң септігін тигізеді. Олар

қоңырау уақытында да пайдалы іспен айналыса алады. Мұның барлығы оқушының білім алып қана



Тәкей Есетов атындағы №264 мектеп-лицейі 2021-2022 оқу жылынан бастап «физика-астрономия бағытындағы мектеп» статусын алған. Осыған байланысты мектеп оқушыларын аспан әлемін зерттеуге байланысты ғылыми жобаларға қатыстыру жоспарланып отыр. Сол мақсатта білім ордасында биыл арнайы зерттеу құралдарымен жабдықталған обсерватория ашылды. Мұнда білім алушылар телескоп, процессор, спектроскоп, арнайы призма мен «Vive pro 2» виртуалды шлемі секілді құрал-жабдықтармен жұмыс істей алады. Қазіргі кезде оқушылар ғылыми жобаларға дайындықтарын бастап, бірнеше зерттеу жұмысын атқарып та үлгерген.

